

8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Омарова Гульнара
Жолдасовнаның «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сыйнып
окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі нормативтік күжаттарға жасалған талдаулардан анық байқалады. Қазакстан Республикасының «Білім туралы» Заңында бастауыш сыйнып оқушысының жеке қабілеті, оң талпынысы, алғырлығы, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетуі, мінез-құлыш мәдениеті арқылы өзіндік әрекет ету білігі секілді сапалары бастауыштағы барлық пәннің білім мазмұнын кабылдауда ескерілу қажеттігін көрсетеді.</p> <p>Қазіргі кезде білімдік парадигмадан таным үдерісіне қатысушылардың белсенді әрекеттерін талап ететін әрекеттік парадигмаға көшу білім сапасын арттырудың басты бағыт болып отыр. Ел Президенті Қ.К.Тоқаев мұғалімдердің Тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау қажеттігіне тоқтала келіп, осы бағытта туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің онтайлы жолдарын ұсыну керектігін мәлімдеген болатын. Бастауыш білім берудің МЖМС-дағы күтілетін оқыту нәтижелерінде «оқушы түрлі дерек көздерінен қалай ақпарат табуды біледі» деп берілуі оқушылардың әргүрлі анықтамалық-энциклопедиялық дереккөздермен (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) жұмыс істеу білігін қалыптастыруды талап етеді.</p> <p>Бұл айтылғандар зерттеу тақырыбының өзекті екендігін көрсетеді,</p>

			осы мәселенің арнайы зерттелмегендігі де жұмыстың өзектілігін нақтылай түседі.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) <u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының бағытына сәйкес</u> (багытын көрсету)	KР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтарды даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің дамуына <u>елеулі үлес қосады</u> . Оның ішінде бастауыш білім беру пәндерін оқыту әдістемесінің мазмұнын толықтырады. - жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы <u>елеулі үлесін қосады</u> және оның <u>маңыздылығы ашылған</u> ; - бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау арқылы <u>елеулі үлесін қосады</u> және <u>маңыздылығы ашылған</u> ; - жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін ұсыну арқылы <u>елеулі үлесін қосады</u> және оның <u>маңыздылығы ашылған</u> . - жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру әдістемесін жасау

			және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде көрсету арқылы арқылы елеулі улесін қосады және маңыздылығы анылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Докторант Г.Ж.Омарованың орындалған зерттеу жұмысы дербес, езекті, толық және аяқталған диссертациялық жұмыс болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысындағы ғылыми мәліметтерді теренірек беруді көздеңген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпараттар түсінікті ері мағыналы және күрүлымды сактай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Проблеманың өзектілігін талдау жаңартылған білім мазмұны жағдайында белсенді әрекет етіп, өзін-өзі дамытатын тұлғага қогамның әлеуметтік сұранысы мен бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыратын әдістеменің жасалмауы арасында, оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы сөздіктермен жұмыстың мүмкіндіктері мен оқушыларда сөздіктерді пайдалану білігінің болмауы арасында қарамақайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігіне негізделген .
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды 1) <u>айқындаиды</u> ; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындаиды . Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау, оның тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеумен сәйкес келеді . Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатты нақтылай келе жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді

			<p>пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаумен; бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық мазмұндық моделін дайындаумен; бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін әзірлеумен; жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру әдістемесін жасау, оның тиімділігін эксперименттік тексерумен сәйкес келеді.</p>
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алғынан нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор ұсынатын нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми талдауларға сәйкес теориялық-әдіснамалық тұргыдан басшылыққа алғынатын тұғырлар мен қағидалар түзіліп, нақты мәліметтер арқылы ұғымдық-категориялық аппараттың құрылуы, яғни «білік» ұғымы, құрылымы психологиялық-педагогикалық категория ретінде сипатталып және «бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» түсінігінің мәні нақтыланып, мазмұнының анықталуы, бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруды құрылымдық мазмұндық моделдеу арқылы толық байланысқан, әдістемелік жүйе дайындалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мазмұны мен нәтижелерінің тиімділігі толық байланысқан.</p>
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	<p>Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда, ұғымдық-категориялық аппаратын тузуде және оның</p>

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеуде, әдістемелік жүйе дайындауда, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық өндеуде сыни талдау бар.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Бұғінгі күнге дейін бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру мәселесі отандық галымдар арасында мүлдем қарастырылмаған. Диссертант зерттеу барысында теориялық және практикалық тұргыда маңызды болып табылатын фылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>1-нәтижесе – толығымен жаңа.</i> Жаңақартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. Автор «білік» ұғымы мен «бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» түсінігінің мәнін психологиялық-дидактикалық сипатта ашады және сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету мәселесінің лингвистикалық аспектілерін лексикографиялық тұргыда аныктап, оқу сөздіктеріне қойылатын талаптарды көрсетеді, бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін айқындауда жүйелік-мазмұндық, іс-әрекеттік, синергетикалық, кешенділік, мәндік тұғырлары басшылыққа алынған.</p> <p><i>2-нәтижесе – толығымен жаңа.</i> Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метакүзыреттілігін дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаган.</p> <p><i>3-нәтижесе – толығымен жаңа.</i> Фылыми еңбектерді зерделеуде категориялық түйінді сараптамалық талдаудан өткізе отырып, жаңақартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың</p>

			<p>әдістемелік жүйесі жасалған.</p> <p>4-нәтижесе – толығымен жаңа.</p> <p>Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сыйнып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның тиімділігі эксперименттік тексеруден өткізілген.</p>
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Г.Ж.Омарованаң диссертациялық жұмысының корытындылары толығымен жаңа және сенімді болып табылады. Корытындылардың сенімділік деңгейі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерімен расталады.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Автордың ұсынған жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сыйнып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмыс барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен негізделеді.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертациялық зерттеудің корытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	<p>1. Бірінші қағида бойынша бастауыш мектептің 1-сыныбында алғаш рет қарастырылып отырған оқушылардың сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруда негізгі ұғымдардың, түсініктердің мәнін психологиялық, педагогикалық, лексикографиялық тұрғыдан талдау негізінде нақтылау, оның ішкі мазмұндық құрылымын анықтау жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқушылардың сөздікпен жұмыс істеу білігінің сапалы қалыптасуына кепіл бола алады. Қағида</p>

		<p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>и亞</u>; 2) жок 	<p>дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу аукымы кең және «Бастауыш сынып оқушыларын сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету мәселесінің лингвистикалық аспектілері» (Қазақстаниң ғылыми мен өмірі. №6/2 2020. -Б. 454-461); «Бастауыш сынып оқушыларының дереккөздермен жұмыс істеу білігін қалыптастыру мәселесі» («Білім және ғылымдағы инновациялар» Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. –Алматы, 2017. 21-22 қараша. 534-537 б.) атты мақалаларында дәлелденген және көрініс тапқан.</p> <p>2. Бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың күрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық, танымдық, операционалдық компоненттеріне сай өлшемдер мен көрсеткіштер, жогары, орта, төмен деңгейлерінің өзара байланысы негізінде құрылады. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу аукымы кең және «Бастауыш сынып оқушыларының сөздікпен жұмыс істеу білігінің күрылымдық-мазмұндық болмысы» («Педагогика және психология» журналы, Абай атындағы ҚазҰПУ, №2, 2019. 13-21 б. Қосалқы автор: Жумабаева Ә.Е.); «Формирование у учащихся начальных классов умений пользоваться словарями» (Педагогика и психология. Научно-методический журнал. 2(43) 2020. -С.159-169. Қосалқы автор: Кенжегалиева) мақалаларында көрініс тапқан.</p> <p>3. Бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі біліктің әр күрамдас белгітерінің өзіндік даму ерекшеліктерін ескере отырып, кезең-кезеңмен жүреді. Лингвистикалық, атап айтқанда, лексикографиялық құзіреттілік пен сөйлеу құзыреттіліктерінің дамуы біртұтас үдерісте біріктіріледі. Лингвистикалық сөздіктерді жүйелі түрде қолдана отырып</p>
--	--	--	---

		<p>қазақ тілін оқыту сөздіктерді қолдану қажеттілігін және коммуникативтік-танымдық мәселені тез шешу білігін қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік туғызады.</p> <p>Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, бастауыш сынып оқушыларының сөздік пайдалану білігін қалыптастырудың қолданылуу денгейі кең, 3 мақалада дәлелденген:</p> <p>1. Formation of school student's vocabulary skills through innovative technologies. World Journal on Educational Technology: Current Issues, 13(4), 1088–1101. Oct 31, 2021/ doi.org/10.18844/wjet.v13i4.6310 (Saduakas G.T., Zhumabayeva A. E, Akzholova A.T., Uaisova G.I.).</p> <p>2. Оқылым әрекетінде сөздікпен жұмысты үйимдастыру ерекшеліктері. (Қазақстанның ғылыми мен өмірі. №2/1 2020. -Б. 183-188).</p> <p>3. Тіл дамытудағы сөздік жұмысының рөлі. III. Uluslararası Abay Kunanbayoğlu Kazak tarihi, kültürü ve edebiyati kongresi. Antalya. 20-23 mart 2019.– Б. 82-92. (косалқы автор: Садуақас Г.Т.).</p> <p>4. Сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемесі: бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған: «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оку-әдістемелік семинардың бағдарламасы; 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына косымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құралы; 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығына косымша «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралы дайындалды және тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізіліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылу аясы кең, «Менің алғашқы сөздігім». Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған көмекші құралы (Алматы: Атамұра, 2021. – 71 бет. Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.) мен «Сөздіктерді пайдалануда бастауыш</p>
--	--	--

			сынып оқушыларының сойлеу әрекетін дамыту мүмкіндіктері» («Молодой ученый» Международный научный журнал. г. Казань, № 18 (256.1) – май 2019. С. 12-13.); «Бастауыш сыныпта «Менің алғашкы сөздігім» көмекші құралын пайдаланудын маңызы» («Молодой ученый» Международный научный журнал. г. Казань, № 14 (409) – апрель 2022. С. 349-350.) мақалаларында дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Ия, зерттеу мәселеінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (тұғырлар: жүйелік-мазмұндық, іс-эркеттік, синергетикалық, кешенділік, мәндік; ұстанымдар: теория мен практиканың бірлігі ұстанымы, градуалдылық ұстанымы, вариативтілік ұстанымы, герменевтикалық) жиынтығы ретінде нақты жазылған.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	Зерттеудің мақсатын, болжамы мән міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер (психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, корытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолдану ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып жазылғандығын көрсетеді.
		<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау</p>	Теориялық корытындылар, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, зерттеу нәтижелері 16 ғылыми енбекте көрініс тапқан: КР БжFM Білім

		<p>багыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жок</p>	<p>және гылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық гылими-практикалық конференция жинақтарында, оку-әдістемелік күралдарда жарық көрген.</p> <p>Г.Ж.Омарованиң «Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Алматы қаласындағы №168 және №148 мектеп-гимназияларында жүргізілген. Сын академиялық окушылар саны – 117, оның ішінде эксперименттік топта 59, бакылау тобында 58 окушы қатысқандығы педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 200 әдебиет көздеріне сілтемелермен расталған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын көрінеді.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 200.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар:</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделген; 2. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің анықталған; 3. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастырудың әдістемелік

			жүйесінің жасалған.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жогары: 1) ия; 2) жоқ		<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларының сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыруды қамтамасыз етүмен сипатталады.</p> <p>Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинардың бағдарламасы; 1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құралы; 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығына қосымша «Ана тілінің түсіндірме сөздігі» көмекші құралы дайындалған.</p> <p>Зерттеу нәтижелерінің жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныбында, біліктілікті арттыру жүйесінің тәжірибесінде колданылу мүмкіндігі жогары.</p> <p>1-сыныпқа арналған «Әліппе» оқулығына қосымша «Менің алғашқы сөздігім» атты көмекші құралы биылғы оку жылында ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен республика мектептерінде колданысқа енгізілген.</p>
	9.3 Практикалық ұсынистар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсынистар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1) «Бастауыш сынып оқушыларының лингвистикалық сөздіктерді пайдалану білігін қалыптастыру» атты 16 сағаттық оқу-әдістемелік семинардың негізгі мазмұны республикалық деңгейде бастауыш сынып мұғалімдерінің кыска мерзімді біліктілігін арттыру курсына дайындалатын білім беру бағдарламаларының құрамына енгізілсе деп берілген ұсынысы толығымен жаңа.</p> <p>2) 1-сыныпқа арналған оқу сөздіктерінің жалғасы ретінде 2-4 сыныптарға арналған жүйелі жұмыстар жасалып, бастауыш сыныптар үшін градуалданған оқу сөздіктерін дайындау жолға койылса деген ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>3) ЖОО-дагы бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған дипломдық жоба мен магистрлік</p>

			диссертациялардың өнімдерінде бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігі мәселесіне байланысты тақырыптар қамтылса деген ұсынысы толығымен жана . 4. бастауыш сынып окушыларының сөздіктерді пайдалану білігі бойынша бастауыш сыныптарда авторлық жобалар, вариативті курстар дайындалып, тәжірибеге ендірілсе дегені ұсынысы да толығымен жаца .
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жогары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жогары . Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұндындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті турде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Омарова Гульнара Жолдасовнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының кандидаты,

Адамнаның мінестімді дамуы үлттық
институттың жетекші ғылыми қызметкери

P.O. Изгұттынова



ПОДПИСЬ
ЗАВЕРЯЮ

специалист ОК-450

20.06.2022